



## ЕРЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақстан темір жолы» компаниясында ерен еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген бір топ сала мамандары басқарма басшысының қолынан марапат алды.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Теміржол саласының ең мәртебелі кәсіби марапаты – «Құрметті теміржолшы» төсбелгісіне ие болғандар қатарында «Вагонсервис» АҚ Павлодар телімі техникалық жолаушылар паркінің слесарь-электригі Владимир Сваричевский, Тобыл станциясының диспетчері Виктор Ермак, «Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Ақадыр белгі беру және байланыс дистанциясының диспетчері Азамат Шақенов, «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Шымкент жол дистанциясының жол шебері Еделбек Тағаев, «Павлодар магистральдық желі бөлімшесі» филиалы Екібастұз электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Абай Әлжанов бар.

«Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болғандардың да осалы жоқ: теміржолда 41 жыл еңбек өтілі бар компанияның «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалы Астана жол дистанциясының №15 желілік учаскесінің жол шебері Сабырбек Қашқымбаев, жұмыс тәжірибесі жиырма жылға жуықтаған «Атырау магистральдық желі бөлімшесі» филиалы Атырау жол дистанциясының бастығы Аманжол Жылқыбаев, 23 жылдық еңбек өтіліне ие «Семей жүк тасымалы бөлімшесі» филиалы Жаңа-Семей бағыттама қосының аға кезекшісі Мүти Мүбәрақов сынды нағыз майталман теміржолшылар.

– Осынау жылдар ішінде темір жол саласы үлкен жетістіктерге жетті. Бұл – сала жұмысшыларының күнделікті қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ерен еңбек қандай марапатқа да болса лайық. Жылдағы дәстүрді жалғастырып, бүгін олардың еңбегін ерекше атап

өткелі тұрмыз. Мереке қарсаңында баршаңызға бақ-береке, амандық тілеймін! – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма басшысы Нұрлан Сауранбаев.

Сонымен қатар, «Адал еңбегі үшін» кеуде белгісімен екі адам марапатталды. Олар – «Астана қорғаныс еске ағаштар дистанциясы» филиалының Көкшетау желілік-пайдалану бөлімшесінің өндірістік телім шебері Кенжеғали Шоқаков пен «Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Қарағанды электрмен жабдықтау дистанциясының электромеханигі Рахат Жананиет. Бір айта кетерлігі, Рахат – Ташкент қаласында өткен жарыста ақтық мәреге жетіп, самбодан әлем чемпионы атанған спортшы. Кәсіподақ атынан Рахатқа бес жүз мың теңгенің сертификаты берілді. Барлық қатысушыларға Компания төрағасы атынан арнайы қолсағаттар табыс етілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

### Құрметті қазақстандықтар! Құрметті теміржолшылар қауымы!

Сіздерді қастерлі де қадірлі мереке – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Дербестік – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін созылып жатқан, ұшқан құстың қанаты талатын, ұлан-ғайыр жерімізді қызғыштай қорғаған даңқты бабаларымыздың, азаттықты аңсаған халқымыздың орындалған ақ арманы! Ғасырға бергісіз осы 30 жылда Қазақстан өркеніет көшіне ілесіп, дамудың даңғыл жолына түсті. Егемендіктің еңселі болуына теміржолшылардың да қосқан үлесі ұшан-теңіз. Қазіргі уақытта жүк пен жолаушылар тасымалының 70% астамы темір жолға тиесілі. Тәуелсіздік жылдарында елімізде теміржол инфрақұрылымы салынып, 2,5 мыңнан астам шақырым жол төселді, теміржол машинажасау саласы дамыды. Нәтижесінде заманауи локомотивтер, вагондар, басқа да құрал-жабдықтар өз елімізде өндіріліп келеді. Соңғы 10 жылда контейнерлік тасымал транзиті қарқын алып, биыл 1 миллион ЖФД-ге жетті. Мұндай құруар шаруаның артында кәсібіне жан-тәнімен берілген теміржолшылар қауымы тұрғаны анық.

Құрметті әріптестер! Осынау мерейлі шақта сіздерге зор денсаулық, бақ-береке, еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Киелі еліміздің тұңғыры берік, болашағы баянды болсын!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,  
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ  
Басқарма төрағасы

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТЕМІРЖОЛШЫНЫҢ  
ҰЗЫНДЫҒЫ ЖАҒЫНАН  
ӘЛЕМ БОЙЫНША

**19**

ОРЫНДЫ ИЕЛЕНЕДІ.

ЕЛ ТЕМІРЖОЛДАРЫНЫҢ  
ЖАЗЫЛУЛЫ ҰЗЫНДЫҒЫ

**21000**

КИЛОМЕТРДІ ҚҰРАЙДЫ.

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
ШЕКАРАСЫ КӨРШІ  
ЕЛДІҢ

**24**

ТЕМІРЖОЛ ПУНКТИМЕН  
ТҮЙІСЕДІ.

### Жоба

#### «ЖАС ТЕМІР» – жастар бағдарламасы

Ұлттық компанияда 2022 жылдан бастап жастарды қолдап, дамытуға бағытталған «Жас Темір» бағдарламасы іске қосылмақ. Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның «Жас Өркен» жастар бағдарламасының баламасы іспетті болады.

**Ұлан ОРАЗ,**  
Нұр-Сұлтан

Бағдарлама мақсаты – ұлттық компания кәсіпорындарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету. Бұл тәлімгерліктің үздік тәжірибесін енгізу және компанияны дамыту перспективалары есебінен жүзеге асырылады. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар: ҚР азаматы болуы, Нұр-Сұлтан қаласында тұруы керек. Бағдарламаның мақсатты топтарына еңбек жолын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да бастап, кәсіби теміржолшыға айналуы көзделіп, саладағы ЖОО-ның 2020-2022 жылғы түлектері жатады.

Жас мамандар бес кезеңнен тұратын конкурстық іріктеуден өтеді. Бағдарламаның басты артықшылығы – компанияның тәжірибелі қызметкерлерінің арасынан іріктелген жеке тәлімгерлер жетекшілігімен жас мамандарды жеделдегіп дамыту. Бағдарламаға қатысу кезінде жастар ұлттық компанияның құрылымдық бөлімшелерінде 3 ротациядан өтеді, әр ротация ұзақтығы – 5 ай. Бұл бағдарлама арқылы жастар неге қол жеткізеді

десек: әр ротация алдында оқытылады, әрбіріне жеке тәлімгер бөлінеді, негізгі мамандық бойынша 3 ротация, ай сайын тұрақты жалақы, компания есебінен жатақхана, мақсатты жоспарлау және жеке даму жоспары, кәсіби мамандармен жұмыс.

«Басты қойылатын талаптарға сәйкес креативті және аналитикалық ойлау қабілеті бар теміржол саласы бойынша жоғары оқу орнын бітірген түлек болуы керек. Жол және жол шаруашылығы, электрмен жабдықтау, маркетинг және логистика, тасымалды ұйымдастыру саласы бойынша жұмыс іздегендер келе алады. Шілде айында іріктеу қорытындысын шығарамыз. Үміткерлер арасынан 10 адам таңдалып алынады», – дейді компанияның персоналды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева.

Бағдарлама қорытындысында жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар жұмысқа орналастырылады. Қатысушылар тарапынан қабылдау 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Компания теміржол саласында кәсіби маман болуды армандайтын талантты жастарды осы бағдарламаға қатысуға шақырады.



**Ерлан КОЙШИБАЕВ,**  
заместитель председателя  
правления  
по логистике АО «НК «ҚТЖ»:

РЕАЛИЗАЦИЯ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА. КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ПРОВОДИТ АКТИВНУЮ РАБОТУ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ДАННОЙ ЗАДАЧИ, И С 2010 ГОДА НАБЛЮДАЕТСЯ ПОСТОЯННЫЙ РОСТ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ СТРАНЫ, НЕПРЕРЫВНО РАЗВИВАЕТСЯ СЕГМЕНТ КОНТЕЙНЕРНОГО И МУЛЬТИ-МОДАЛЬНОГО СЕРВИСОВ

## ДОРОЖНАЯ КАРТА ПО БЕЗОПАСНОСТИ

В рамках реализации совместной Дорожной карты по повышению уровня безопасности и сохранности имущества на железной дороге в АО «НК «ҚТЖ» состоялась рабочая встреча с сотрудниками департамента полиции на транспорте. В ней приняли участие первый директор по безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шақенов, заместитель начальника департамента полиции на транспорте Калижан Кобландин, а также руководители служб аппарата департамента и АО «НК «ҚТЖ».



**Асель ШАЙХИНОВА**  
Нұр-Сұлтан

Во время встречи обсуждены вопросы об усилении работы по противодействию преступ-

ности, охраны общественного порядка и безопасности на железнодорожном транспорте. По словам Марата Шақенова, на железной дороге большое внимание уделяется цифрови-

зации. При этом цифровое развитие и внедрение инноваций на объектах инфраструктуры способствуют снижению риска нарушений безопасности на железнодорожном транспорте.

Среди причин, влияющих на безопасность движения, он отметил дорожно-транспортные происшествия на железнодорожных переездах, наложение посторонних предметов на путь,

неблагоприятные погодные условия.

В целом в АО «НК «ҚТЖ» наблюдается положительная динамика большинства показателей безопасности движения. Это достигнуто за счет автоматизации систем управления безопасностью, риск-ориентированного подхода к предупреждению нарушений и повышению уровня культуры безопасности движения.

По результатам встречи принят ряд двусторонних решений по обеспечению безопасности объектов транспортного комплекса от актов незаконного вмешательства, а также борьбы с преступностью и усилению мер безопасности на железнодорожных путях.  
Фото Александра ЖАБЧУКА

### Уважаемые коллеги и соотечественники!

От всей души поздравляю вас с Днем независимости Республики Казахстан – самым главным и значимым праздником для каждого жителя нашей страны. Это символ свободы и сплоченности народа для достижения общей цели – благополучия и процветания Родины.

За 30 лет Казахстан прошел большой путь экономических, политических и социальных реформ, неизменно повышая благосостояние народа и укрепляя свой авторитет на международной арене.

И железнодорожная отрасль вносит весомый вклад в успешное развитие нашего государства, продолжая достигать стоящие перед ней стратегические цели. За годы независимости построено свыше 2,5 тысячи километров новых дорог, Казахстан стал региональным транспортным хабом, соединив транзитными коридорами Восток и Запад.

Сегодня АО «НК «ҚТЖ» продолжает реализовывать инфраструктурные проекты и развивать международные перевозки со странами СНГ, Азии и Европы. Работники компании за годы независимости продемонстрировали свое умение решать самые сложные задачи и обеспечивать безопасную и бесперебойную работу стальной магистрали. За каждой новой победой суверенного Казахстана стоят самоотверженные и трудолюбивые люди, патриоты своей страны! Пусть юбилей независимости вдохновит вас на новые открытия и свершения на благо нашего государства! Мирного неба, благополучия, здоровья и успехов вам и вашим близким!

Оразгали АХМЕТБАЕВ,  
председатель АО «КАЗПРОФТРАНС»

## ӨТКЕН КҮННЕН БЕЛГІ БАР...

Ел тәуелсіздігін жариялаған алғашқы жылдары отандық темір жол саласы қандай қиындықтармен бетпе бет келді, теміржолшылар қалай жұмыс істеді, ардагерлер ой бөлісті.



**Қырықбай ӘЛСЕЙІТҰЛЫ,**  
Семей темір жолының ардагері:

– Кеңестер одағы ыдырағанда ерекше ықпал сезінген бірден-бір сала теміржол дер едім. Себебі, одақ елдері арасында экономикалық байланыс үзіліп, зауыттар мен ірі өндіріс орындары жабылып жатты. Содан келіп тапсырыс саны төмендеп, теміржолдағы жүк айналымы күрт азайып кетті.

Кіріс болмаған соң теміржолшылар жалақыларын айлап алмады. Осындай қысылтаяң кезеңде бөлімше басшылығы назарға алған басты мәселе жұмысшыларды қысқартпай, мүмкіндігінше мамандарды сақтап қалу болды. Мен ол кезде Семей темір жолының бас инженері едім, сондықтан бәрі көз алдымда өтті. Айта кетерлігі, саудаға кетіп, базар жағалап коммерциямен айналысқандар көбейген шақта біздің бөлімшеде бірде бір теміржолшы кәсібін ауыстырған жоқ. Негізгі контингентті сақтап қала алдық.

Рас, желі бойындағы мекемелерде қысқартулар орын алды, алайда, біз бірінші кезекте зейнет жасындағыларды ғана босатып, әсіресе жас мамандарды сақтап қалуға тырыстық. Кейбірі түрлі себептермен басқа қалаларға көшіп жатты. Оңтайластыру жұмыстарын жүргізіп, олардың орнына тәжірибелері қалыптасқан өз мамандарымызды тарттық.

Ел экономикасы айтарлықтай деңгейде тұралап қалған сол қиын кезде біз ертеңгі күнге деген сеніммен еңбек еттік. Бүгінде, міне, әл-ауқатымыз артып, түрлі реформалар жасалып, теміржолшылардың әлеуметтік жағдайына баса назар аударылууда. Сондықтан 30 жылдық мерейтой қарсаңында барша өріптестерімді, теміржолшылар қауымын Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, береке-бірлік тілеймін. Бірлік болса, алынбайтын қамал жоқ.

**Табылды ӘМІРОВ,**  
Маңғыстау темір жолының ардагері:



– Еліміз Тәуелсіздігін алған тұста мен Шетпе станциясын басқаратынмын. Кеңес Одағы ыдырап, жаңа жүйе қалыптасып жатқан кез. Өтіп жатқан жүк жоқ, экономика ыдырағандықтан жалпы теміржолда тасымал түсіп кеткен. Көп мекемелер жабылып қалды. Оған қоса сол жылдары су тасып, теміржолды шайып кетіп, қатынас тоқтап қалған кез де болды. Соның барлығына төтеп беруге тура келді.

1993-2007 жылдар аралығында Атырау теміржол бөлімшесі бастығының Маңғыстау облысы бойынша орынбасары болдым. Ол кезде теміржолдың әлеуметтік нысандарының бәрі өз балансында. Тұрғын үйлер, балабақша, аурухана, жылу, су жүйесі – бәрі өзінде еді. Сонымен бірге азық-түлікпен қамтитын мекемесі де болды. Сондықтан біз тек қана өндіріс, тасымалмен ғана емес, әлеуметтік мәселелермен де айналыстық. Онсыз жұмыс жүрмейтін. Жалақының орнына тамақ алып келіп беріп, басқа да киім-кешектер таратып, барынша жұмысшылардың жағдайын жасауға тырыстық.

Ол жылдар да өтті... Темір жолда реформа жүріп, жүйе орнына түскенге дейін сондай талай қиындықтармен күрестік. Кейін карьерлер іске қосылып, жүк тасымалы артты. Мекемелер жұмысы жандана бастады. Жаңа теміржолдар салынды. Адамдардың айлығы өсті. Әлеуметтік әлеует те арта бастады. Қазір сондай сын сағаттарда жұмыс істеп, өзіннің титтей болса да ұлес қосқаныма қуанамын.

Маңғыстау бөлімшесі өз алдына дербестік алған соң 2013 жылға дейін бөлімшенің бас инженері болдым. 2016 жылы Маңғыстау станциясының бастығы жұмысынан зейнеткерлікке шықтық. Салаға жергілікті кадрларды даярлау бағытында 1997 жылы Ақтауда теміржол академиясының ашылуына жергілікті азаматтар, оның ішінде теміржолшылар көп еңбек сіңірдік. Кейін академия жабылып, колледж болады. Қазірге дейін осы аталған оқу орнын тәмамдаған түлектер түбек теміржолының мамандары қатарын жыл сайын толықтырып отыр. Соған қуанамын. Демек, бекер өмір сүрген жоқпыз.



**Бақыт АҒЫБАЕВ,**  
Шымкент темір жолының ардагері:

– Мен мектеп бітірген соң Ташкент теміржол инженерлері институтын «Темір жол құрылысы және жол шаруашылығы» мамандығы бойынша бітіріп, 1974 жылы Алматының Іле жол дистанциясында бригадир болып еңбек жолымды бастадым. 1976 жылы Шымкент жол дистанциясына жол шебері болып ауыстым. Тура қырық жыл еңбек етіп, 2014 жылы зейнетке шықтық.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан 1997 жылға дейін жағдай қиын болды. Одақтас республикалармен байланыс үзілді. Үзілген соң ол жақтан алып отырған жабдықтар мен материалдар тоқтатылды. Айлық та берілмей, орнына ұн, сабын, т.б. берді. Теміржолдан жұмысшылар жаппай кете бастады. Көбі базар жағалап, тауар алып-сатумен айналысып кетті, жұмысшылар жетіспеді.

Мен қандай қиын сәттер болса да басқа салаға кетпедім, себебі сауда істей алмаймын, қолымнан басқа нәрсе келмейді. Жас кезімнен жаным қалаған кәсібімді қимадым, айлап жалақы алмасам та жұмыс істедім. «Қазақстан темір жолы» РМК құрылған соң жағдай бірте-бірте оңала бастады. 2000-шы жылдары тәуір жалақы ала бастадық, енді теміржолға жұмысқа тұруға кезекке тұратындар көбейді.

Бірде БАҚ беттерінен «30 жылдан кейін ТМД елдері қалай өмір сүруде?» деген кестені көріп қалдым. Қазақстан сол тізімде жоғары тұр екен. Расында, бізде вагон, тепловоз тығаратын зауыт бар Астанада, Ақтөбеде рельс шығады. Бұл деген елдің өндіріс саласы алға жылжып жатқанын көрсетеді. Бұрынғыдай теміржолшылар рельсті қолмен сүйреп жатқан жоқ. Германия, Франциядан рельс кесетін, бұрғылайтын технология мен техникалар алдық, жолдар электрлендірілді.

Сөйтіп, көзді ашып-жұмғанша Тәуелсіздіктің 30 жылдығы да келіп қалды. Тәуелсіздіктің қадірін қазіргі ұрпақ тереңнен сезінуі керек. Жас мемлекет ретінде жеткен жетістігіміз көп. Кемшілік те аз емес, бірақ шыдам керек, бәрі болады. Тарихқа қарасақ, қазақ халқы бұдан да қиын-қиыстау жолдардан өтіп, осы күнге жетті. Ендеше, Қазақ елі тағы бір осындай отыз жылдан соң экономикасы бұдан да күшейіп, еңселі елге айналады деп сенейік.

## АРҚАЛЫҚҚА ТАЛҒО ПОЙЫЗЫ АТТАНДЫ



ЖОЛАУШЫЛАР  
ТАСЫМАЛЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында елорданың «Нұрлы жол» темір жол вокзалынан Арқалық қаласына Талғо вагондарынан тұратын жолаушылар пойызы алғашқы сапарына аттанды.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

– 2021 жылдың 12 желтоқсанынан жолаушылар пойыздарының парк қысқы қозғалыс кестесіне көшті. Барлығы 118 жолаушы пойызының 95-і «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты болса, қалған 23-і жекеменшік тасымалдаушылар құзырында. Қысқы қозғалыс кестесіне көшу – жыл сайын болатын қалыпты құбылыс және бұл кесте жолаушыларға ыңғайлы және қауіпсіз болу жайттарын ескере отырып жасалған. Бүгін халықтың өтінші-сұранысы бойынша бірінші рет Арқалыққа Талғо пойызы жолға шығып отыр, – деген «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Жылжымалы құрамды басқару департаментінің директоры Берік Қойшығұлов қажетті ақпаратты «105» анықтама номері арқылы немесе [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) сайты арқылы алуға болатынын жеткізді.

Ал екінші Талғо пойызы «Алматы-2-Маңғыстау» бағытында іске қосылып отыр. Екі құрамнан тұратын және жұп күндері жүретін №111 пойыздың жолда жүру уақыты 41 сағат 49 минутты құрайды.

Арқалыққа қатынайтын №603/604 пойызда 348 орын бар, алғашқы рейстің өзінде



**2021-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗДАРЫНЫҢ ЖАҢА КЕСТЕСІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ІШІНДЕ 118 ЖҰП ПОЙЫЗ ЖҮРЕ БАСТАДЫ. ОНЫҢ ІШІНДЕ 95 ЖҰП ПОЙЫЗ «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» КОМПАНИЯСЫНА, АЛ 23 ЖҰП ПОЙЫЗ ЖЕКЕ ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРҒА ТИЕСІЛІ.**

жолаушылардың қамтылуы 60%-дан асқан. Пойызда Турист, Бизнес және Грант дәрежесіндегі орындар, вагон-мейрамхана және вагон-буфет бар. Жолаушылар жол үстінде уақытты қысқарту үшін мультимедиялық порталды пайдаланып, гаджеттері арқылы ойындар ойнап, кино көріп немесе ән-әуен тыңдай алады.

Пойыздың жолға кететін уақыты 12 сағат 49 минутты құрап, әдеттегі қарапайым пойыздан 30 минутқа ерте баратын болып

отыр. «Бұл субсидиялық маршрут болғандықтан уақытты қысқарта қойған жоқпыз. Алдағы уақытта аялдау тұрақтарын азайтып, уақытты қысқарту жоспарда бар. Бірақ, бұл – көктемге қарай іске асатын дүние» деп түсіндірді аз ғана айырмашылықтың себебін Берік Қойшығұлов.

Теміржол вокзалының 6-шы жолына келіп тоқтаған пойыздың жолаушыларымен тілдесіп, ой-пікірін білуге перронға шықтық.

– Мен Арқалық қаласының тұрғынымын. Біздің өңірге Талғо вагондарынан жасақталған пойыздың шыққанына қуаныштымын. Вагон-мейрамханасы бар екен. Иссапармен жүріп, тамақ-сусыз шыққан адамдарға ыстық тамақ ішу мүмкіндігі бар. Бір ғана базаны, ол уақыттың қысқармай отырғаны. Келешекте бұл мәселе шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Мұсадин Қоянбаев есімді азамат.

Ирина есімді екінші жолаушымыздың да айтар назы бар екен. – Өрине, жайлы да жаңа вагондар, мәдениетті жолсеріктер – бәрі жақсы. Бірақ, билеттің қымбаттағы халықтың қалта-құны 5500 теңге шамасында, алайда, пойыздың уақытында өзгеріс жоқ, – дейді ол.

Пойыз бастығы Бағлан Бекмырзаев Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Талғо пойызының жаңа бағдарымен жолға шығып отырғанына бүкіл бригада қуанышты екенін жеткізді. «Бұл пойызда жолаушыларға екі бригада қызмет көрсетеді. Пойыз керек-жарақтың бәрімен толық қамтылған. Талғо пойызы жолаушылар көңілінен шығады деген үміттеміз», – деді ол.

Кесте бойынша 20.45-те орнынан қозғалған пойыз Арқалыққа аттанып кетті. Сапарың сәтті болсын, жолаушы пойызы!

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ АЛДЫ



МЕРЕЙ

Тәуелсіздіктің отыз жылдық мерейтойы қарсаңында маңғыстаулық екі теміржолшы мемлекеттік наградаға ие болды. Марапатты өңірге арнайы сапармен келген Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев тапсырды.

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Көп жылдан бері Маңғыстау теміржолы басқарып келе жатқан құрметті теміржолшы Нәжімеден Ғұбашов «Парасат» орденімен, ал Шетпе станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету мекемесінің шебері Әлібек Шарқатбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Өріптестерінің бұл жетістігі барша түбек теміржолшыларының да мерейін өсіргені анық, мұндай құрметке екі теміржолшы

да лайық десті олар. Еңбек жолын 1981 жылы Гурьев станциясында пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастаған Нәжімеден Ғұбашов – өндірістің барлық сатысынан өткен тәжірибелі басшы.

Әлібек Шарқатбаев та 36 жылын осы саланың ыстық-суығына арнап келе жатқан вагон шаруашылығының маманы. 1985 жылы Маңғыстау вагон депосына вагон қараушы болып жұмысқа кірген ол отыз жылда осы кәсіптің нағыз майталманына



айналған. Қанша буын жастарды тәрбиелеп шығарған ұстаздық еңбегі бір бөлек.

– Әлихан Бөкейханұлының «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген ұлы сөзі – менің де ұстанар басты қағидаым. Ұлтымның болашағы үшін табан тіреп, тер төгіп, еңбек ету – баршамыздың абыройлы міндетіміз. Ел аман, халық бірлікте өмір сүріп, Тәуелсіздігіміз нығая берсін! – деп тілек білдірді Нәжімеден Ғұбашов.

*Суретті түсірген автор*

## ӨЗ КҮШІМІЗГЕ СЕНДІК



ҰЛАҒАТ

Жолаушылар вагондарын жөндеу депосының ұжымы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермахановпен кездесіп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы естеліктерін тыңдады.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

«Нұр Отан» партиясының «Теміржол» филиалы төрағасының орынбасары Базара Танбаеваның ұйымдастырумен өткен кездесу қызықты да тағылымды болды.

Сисенбі Шермаханов жас өріптестері тарапынан «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары

қиындықтарды қалай шештіңіздер, кімдер көмек жасады, пойыздар қозғалысы қалай ұйымдастырылды, вагондарды жөндеу жұмыстары қалай жүрді?» деген сұрақтарға жауап беріп, естеліктерімен бөлісті.

– Ел тәуелсіздігі жарияланған уақытта мен Қызылорда вагон жөндеу депосының дайындау цехында шебер болдым. Вагондарға қажетті қосалқы бөлшектерді дайындау



маған жүктелген еді. Алғашқы жылдары жиналған қор пайдаланылды, уақыт өте олар да түгесіле бастады, сырттан келетін ештеңе жоқ, енді оны өзіміз іздеуге шықтық. Осы жерде айтылуы тиіс мына нәрсе, теміржол саласының қайраткері Н.Есенғарин Одақ кезінде Жол қатынастары министрлігінде жұмыс істеген тәжірибелі де беделді адам болғандықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстанның теміржол саласына көп көмегі тиді. Біздерге қатысты сұрақтардың мүмкіндігінше оңтайлы шешіліп, орталықтан көмек берілудің жолын қарастырып, көп жәрдем жасады. Ол кісі тек біздің бөлімшеге ғана емес, бүкіл еліміздің теміржолы қозғалысының тоқтамауына орасан күш жұмсады, – деп еске алады Сисенбі Шермаханов.

Вагондарды жөндейтін құрал табылғанмен, қажетті бөлшектердің жеткілікті болмауынан он вагонның ішінен жарамсыз бір вагонды «құрбандыққа» шалып, барлық бөлшектерін алып жөндеуді қажет ететін вагондарға салып, қиындықтан шыққан аға буынның ерлікке пара пар еңбегі шынында құрметке лайық еді.

– Вагон бекітпелеріне керекті бұранда мен оның асай-мүсейлерін қолдан құйып шығаруға мәжбүр болдық. Ол үшін қаладағы темір-терек қабылдап дайындайтын «Чермет» мекемесінен жаңағы өлшемдегі бұрандаларды, бөлшектерді жасап шығаруға жарайтын темір әкеліп беріп, олар оны қолдан құйды. Осылайша жоқтан бар жасап күн көріп, вагондардың депода тұрып қалмауын жүзеге асырдық. Тәуелсіздіктің тұсында қандай қиындық болса да уақытша деп қабылдадық, қолдан келгенше әрекет жасап, алдағы жарқын күндерге қадам бастық, – дейді ардагер.

*Суретті түсірген автор*



## ДОРОГИ СУВЕРЕННОГО КАЗАХСТАНА



ИСТОРИЯ

**Благодаря мудрой и взвешенной политике страны за 30 лет независимости Казахстан получил международное признание и успешно интегрировался в мировое сообщество. Наша страна стала магнитом для международного транзита. И во многом это стало возможным благодаря тому, что свое достойное развитие получила отечественная железнодорожная отрасль – важнейшая составная часть производственно-логистической и социальной инфраструктуры суверенного Казахстана.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Нур-Султан

Свой весомый вклад в становление и укрепление суверенного государства внесла железная дорога, весь транспортный комплекс, обеспечивая основу для успешного развития экономики страны.

Один из ветеранов железнодорожной отрасли Казахстана, Почетный железнодорожник, секретарь Консультативного совета АО «НК «КТЖ» Куаныш Котырев поделился своими воспоминаниями о работе этих лет.

– С обретением республикой суверенитета в сложных условиях переходного периода железная дорога обеспечила главное – бесперебойность перевозок и доступный уровень цен на услуги. С первых дней независимости Елбасы Нурсултан Назарбаев уделял большое внимание деятельности и развитию железнодорожного транспорта. Благодаря этому в отрасли были осуществлены глубокие институциональные реформы, позволившие успешно преодолеть негативные последствия трансформации экономики и обеспечить выход отечественной продукции на международные рынки, – рассказывает он.

С распадом СССР и обретением бывшими советскими республиками независимости разрушились налаженные экономические и производственные связи. Казахстану, как и прочим новым государствам, пришлось срочно перестраиваться, переходить от плановой

экономики к рыночной. – Казахская железная дорога была одной из крупнейших в СССР, но у нас не было выхода к морю, и для переработки имеющегося сырья, угля, металлов, нефти, зерна требовалось развитие железной дороги. Когда произошло объединение трех железных дорог Казахстана в одну, это стало катализатором больших изменений в экономике страны. Велась активная модернизация инфраструктуры,

постсоветском пространстве. На сегодня по территории Казахстана проходят 11 международных транзитных коридоров – 5 железнодорожных и 6 автомобильных. Интенсивно развивается проект «Новый Шелковый путь», ставший крупнейшим транзитным мостом между Востоком и Западом.

Железнодорожное сообщение, построенное за годы независимости, позволило оптимизировать железно-

Аркалык – Шубарколь и Боржакты – Ерсай. Это не просто инфраструктурные проекты. За ними стоят огромные капиталовложения государства в развитие экономики регионов, создание новых рабочих мест, обеспечение транспортной доступности для населения.

На протяжении всей своей истории железнодорожная отрасль являлась флагманом национальной экономики. На заре становления независимости в непростых условиях переходного периода железнодорожный транспорт способствовал успешной адаптации промышленных предприятий и населения, поддерживая бесперебойность перевозок.

На магистраль за эти годы было возложено много задач. Ведь Казахстан всегда имел и имеет огромный транзитный потенциал, и ключевым видом перевозок являются железные дороги. И сейчас железнодорожная отрасль Казахстана уверенно смотрит в будущее, став прочным инфраструктурным фундаментом для экономики страны.

Почетный железнодорожник отмечает, что гордится трудом настоящих железнодорожников и считает, что было бы хорошо видеть побольше представителей этой мощной, экономикообразующей отрасли в Правительстве.

– И еще хотелось бы, чтобы больше железнодорожников были отмечены государственными наградами. Ведь это большая мотивация за такой тяжелый труд! – делится мыслями Куаныш Идрисович. Фото Александра ЖАБЧУКА

**С ОБРЕТЕНИЕМ РЕСПУБЛИКОЙ СУВЕРЕНИТЕТА В СЛОЖНЫХ УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДНОГО ПЕРИОДА ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ОБЕСПЕЧИЛА ГЛАВНОЕ – БЕСПЕРЕБОЙНОСТЬ ПЕРЕВОЗОК И ДОСТУПНЫЙ УРОВЕНЬ ЦЕН НА УСЛУГИ. С ПЕРВЫХ ДНЕЙ НЕЗАВИСИМОСТИ ЕЛБАСЫ НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ УДЕЛЯЛ БОЛЬШОЕ ВНИМАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И РАЗВИТИЮ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА.**

проводилась большая работа – электрификация, прокладывались вторые пути и многое другое. Стройка шла очень быстрыми темпами, делались такие вещи, которые просто казались невозможными в столь короткие сроки. Эти годы – выдающееся время. Сегодня мы пожинем плоды своего труда, – говорит Куаныш Идрисович.

За этот период работа проделана огромная. Для обеспечения внутренних коммуникаций между регионами, увеличения экспортного и транзитного потенциала Казахстана за годы независимости были построены новые железные дороги общей протяженностью более 2 500 километров – рекордный показатель на

дорожную сеть, сократить расстояние и время перевозки грузов, тем самым транспортные расходы грузоотправителей и пассажиров существенно снизились.

В целом дороги обеспечили не только внутренние коммуникации между регионами, но и увеличили экспортный и транзитный потенциал Казахстана, стали продолжением славных традиций Турксиба.

Таковыми мегапроектами, которые в народе окрестили «Дорогами независимости», стали железнодорожные линии Аксу – Дегелек, Хромтау – Алтынсарин, Шар – Усть-Каменогорск, Узень – государственная граница с Туркменистаном, Жетыген – Коргас, Жезказган – Бейнеу,

строители жили в полевых условиях, в вагончиках, но никто не жаловался. Причем из-за напряженного графика рабочие почти не бывали дома, но никто не унывал – дело есть дело. Золотыми буквами вошли в историю имена участников этой стройки: Алий Карабалин, Таир Рзаев, Борис Исинаманов, Даулетбай Есимбеков, Есентай Жасыбаев, Асхат Каимбаев и многие другие, которыми мы можем по праву гордиться. Порой руководителям строительства приходилось принимать неординарные решения, эффект от которых был всегда высок и значителен. Шум стройки не утихал ни на минуту, вереницей двигался автотранспорт, уверенными темпами шло строительство социальных объектов в поселках. Строители успешно продвигались вперед, прокладывая новую дорогу – на Восток.

Железная дорога дала новую жизнь степи. А для

тех, кто строил Жетыген – Коргас – это не просто новый железнодорожный маршрут, это летопись истории, уникальная магистраль, связывающая судьбы, открывшая новые возможности, рисуя горизонты прекрасного будущего.

Немаловажным событием явилось строительство СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота», сухого порта как транспортно-логистического комплекса, международного центра приграничного сотрудничества «Хоргос». Построены вторые пути на участке Алматы – Шу. За годы независимости стало грандиозным событием 30-летие станции Достык. С каждым годом укрепляются добрососедские отношения с китайскими коллегами. На международном перекрестке Достык – Алашанькоу железнодорожники Казахстана и Китая, как добрые друзья и партнеры, вместе сдвинули с места не одну «гору». Источник

## Твои люди, магистраль!

**Железная дорога сыграла выдающуюся роль в формировании современного Казахстана, который отмечает свой 30-летний юбилей независимости. Обеспечивая внутреннюю коммуникацию между регионами, увеличивая экспортный и транзитный потенциал, железнодорожный транспорт остается стержнем государственности, объединяющей в единое целое производительные силы страны.**

## ТРУДНОСТИ ЗАКАЛЯЮТ



**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Начало 1990-х было очень тяжелым временем. Перед тем, как Казахстан стал независимым государством, он входил в состав советской страны в качестве союзной республики. И перед развалом союза рядовым его гражданам пришлось выживать. Многие казахстанцы помнят пустые полки в магазинах, дефицит продуктов питания, товаров первой необходимости, гиперинфляция, когда деньги обесценивались чуть ли не ежедневно. Люди стояли в очередях за всем – от хлеба до зубной пасты.

Конечно, в сельской местности с продуктами питания было легче, так как люди выращивали скот, у всех было домашнее хозяйство, огороды. В городах приходилось буквально выживать – сложными были не только годы развала Советского союза, но и первые годы независимости Республики Казахстан.

Во время Муразбек Оразаев работал дежурным по станции Селезневка после окончания Алматинского железнодорожного техникума. До этого был рабочим, водителем Бухтарминского совхоза, электромонтером связи Защитинской дистанции сигнализации и связи, водителем пансионата.

– Во время люди, наоборот, тянулись к железной дороге. Здесь была стабильность, люди получали зарплату. А большие совхозы, колхозы разваливались, останавливались и погибали предприятия, людей сокращали с прежних мест работы либо они сами уходили, потому что было совсем плохо. В поисках работы многие шли именно в сферу железнодорожного транспорта, – отмечает Почетный железнодорожник, начальник станции Селезневка Муразбек Оразаев.

Правда, в начале 1993 года и здесь несколько месяцев были перебои


с зарплатой. Как жить без денег? Ответ на этот вопрос нашел начальник Защитинского отделения дороги Александр Васильевич Степура, который ввел специальные талоны для того, чтобы работники смогли покупать на них продукты питания и непродовольственные товары в сети ОРС (отдел рабочего снабжения) железной дороги – а его точки были на всех станциях, также в Селезневке. Талоны получили название «степурки». Это слово хорошо известно всем и ныне работающим железнодорожникам Защитинского региона, и пенсионерам. Благодаря «степуркам» люди не голодали.

– Мы ими пользовались около девяти месяцев. Кстати, моя мама Байзакан Оразаева 40 лет проработала продавцом в железнодорожном магазине ОРС на станции Селезневка. Она ветеран труда, награждена медалью за трудовую доблесть, – делится воспоминаниями Муразбек Оразаев.

Несмотря на трудности, железная дорога работала без остановок, доставляя ценные грузы, пассажиров в любые регионы Казахстана, страны ближнего зарубежья. В 1996 году Муразбек Оразаев возглавил станцию Селезневка, можно сказать, принял ее от своего отца Жолдыбай Оразаева, который был бессменным начальником станции со дня ее основания в 1961 году. Больше половины жизни отец проработал на железной дороге, начав трудовой путь в 18 лет стрелочником. Позже окончил Алматинский железнодорожный техникум, работал составителем, дежурным по станции, потом стал начальником станции Селезневка. Жолдыбай Оразаев – Почетный железнодорожник.

– Наша станция маленькая, относится к пятому классу. Она занимается приемом и отправлением поездов, коллектив – всего несколько человек. От начальника станции всегда зависела не только обстановка в коллективе, но и то, как живет местное население, а оно во все времена шло к нему за помощью в быту. Кому-то надо угля, кому-то помочь с врачом или ветеринаром. И во все времена мы старались им помочь. Если же говорить о годах, когда зарождалась независимость РК, конечно, было очень непросто. Но не зря говорят, что трудности закаляют. Думаю, что многие из нас стали сильнее, привыкли рассчитывать на свои силы. Все эти качества помогли нам выстоять в те непростые времена, – говорит Муразбек Оразаев. Фото из архива Муразбека ОРАЗАЕВА

## ОСНОВА БУДУЩЕГО



ДОСТИЖЕНИЯ

**Железнодорожный транспорт во все времена выступает мощным авангардом, локомотивом экономики. За годы независимости в Алматинском регионе прошли знаковые события. Прежде всего, один из самых мощных и амбициозных проектов в рамках инновационного развития – строительство новой линии Жетыген – Коргас.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Крупнейший индустриальный проект транспортной отрасли Казахстана придал новый импульс всему региону. Открытие новой линии, бесперебойная работа магистральной, развитие инфраструктуры в отдаленной местности послужило наглядным свидетельством того, насколько глубоко продуманным и дальновидным было решение руководства страны о строительстве этой железнодорожной линии. Открылись новые станции, одна из которых – Алтынколь, оснащенная новейшими технологиями, и современным оборудованием. Вдохнули новую жизнь станции Кундызды, Таскарасу, Шелек, Жетыген, малые разъезды, появились новые рабочие места. Осваивать необходимые просторы было не просто,



этих замечательных достижений и побед кроется в неисчерпаемых инициативе и энтузиазме, активности простых людей, тружеников магистрали.

Много уже сделано, но предстоит еще много масштабной и разноплановой работы этих двух международных переходов, успешно развивающихся транзитные перевозки через территорию Казахстана, перспективы роста которых практически не ограничены.

В Алматинском регионе стало доброй традицией открывать памятники замечательным людям – труженикам магистрали, отдавая дань уважения старшему поколению. На территории Алматинской дистанции пути открыт памятник известному путейцу, Герою Социалистического труда Аблакуту Култанову, в ноябре 2003 года на станции Айнабулак – легендарному путейцу Накысбеку Байшапанову, которому в советское время приезжали железнодорожники со всего Союза перенимать опыт. В знак признательности и уважения железнодорожники открыли памятник на станции Сары-Озек известному путейцу Мухамеди Жарболову. В 2010 году ко Дню железнодорожника на маленькой станции Акбалык возведен монумент строителям Турксиба и воинам Великой Отечественной войны.

На разъезде Таурасы железнодорожники открыли памятник сельчанам, участникам Великой Отечественной войны и строителям Турксиба, аналогичные мемориальные комплексы были открыты на станции Лепсы и Биже.

Железнодорожники Алматинского региона уверенно шагают вперед, работая на перспективу, закладывая основы будущего, сохраняя добрые традиции и преемственность поколений.

Фото автора

## 30 жыл – 30 жетістік



### 1. АҚСУ – ДЕГЕЛЕН

Тәуелсіздік жылдарында салынған тұңғыш магистраль. Ұзындығы 187 шақырымды құрайтын жол Семей аймағын Павлодар өңірімен төте жол арқылы байланыстырып, Павлодар-Семей-Алматы бағытына қатынайтын пойыздар уақытын едәуір қысқартты. Құрылысы 1998 жылы басталып, 2001 жылы 19 маусымда пайдалануға берілді.




### 2. ХРОМТАУ – АЛТЫНСАРИН

Республикамыздың көлік және тасымал мүмкіндіктерін дамытуда стратегиялық маңызға ие жоба. 402 шақырымдық магистраль құрылысы 2001 жылы басталды. Қазақстан үшін өз өнімдерін сыртқы нарыққа ең қысқа жолмен жеткізуге мүмкіндік берген жоба 2004 жылы 30 қарашада пайдалануға беріліп, Хромтау-Алтынсарин темір жол желісі бойымен жүк тиелген алғашқы пойыз жүріп өтті.



### 3. ШАР – ӨСКЕМЕН

Құрылысы концессиялық негізде 2005 жылы басталды. Жалпы ұзындығы 151 шақырымдық магистраль ұлттық темір жол желілерін бір-бірімен тоғыстырып, тасымал қашықтығын қысқартуға мүмкіндік берді. Жаңа темір жол желісін пайдалануға беру рәсімі 2008 жылдың желтоқсан айында Шалабай станциясында өтті.



### 4. «ӨЗЕН – ТҮРКІМЕНСТАНМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА» ЖОБАСЫ

Парсы шығанағына тура жол ашқан аса маңызды, үш елдің қатысуымен қолға алынған трансшекаралық магистраль ұзындығы 938 шақырым. Оның 146 шақырымы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. 2009 жылы телекөпір кезінде Елбасы Н.Назарбаев пәрменімен құрылыс басталып, желінің қазақстандық бөлігі 2011 жылы желтоқсанда пайдалануға берілді. 2013 жылы Қазақстан мен Түркіменстан Президенттері екі ел арасына тікелей қатынайтын Болашақ (ҚР) – Серхетяка (Түркіменстан) рейсін ашты.



### 5. ЖЕТІГЕН – ҚОРҒАС

Қытайға ашылған екінші қақпа аталған 290 шақырымдық желі құрылысы 2009 жылы басталды. Бұл жолды Елбасы Қытаймен арадағы көршілік қарым-қатынасты нығайтатын екінші

сауда-экономикалық байланыс трассасы деп бағалады. Желі ҚХР мен Қазақстанның оңтүстік аймақтары және Орталық Азия елдеріне дейінгі қашықтықты 550 шақырымға дейін қысқартуға мүмкіндік берді. 2012 жылы пайдалануға берілді.



### 6. ЖЕЗҚАЗҒАН – БЕЙНЕУ, АРҚАЛЫҚ – ШҮБАРКӨЛ

Қазақстанның транзиттік және экспорттық әлеуетін арттыруда орасан зор маңызға ие жолдар еліміздің ішкі байланысын да дамытты. Орталық Қазақстан мен Батыс Қазақстан аумағы арқылы ауқымды темір жол магистралін салу туралы идея Президенттің 2006 жылдың 11 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасының көліктік стратегиясы туралы» Жарлығында көрініс тапты. Құрылыстың тұсауы 2012 жылы шілдеде жалпұлттық телекөпірде кесілді.



### 7. БОРЖАҚТЫ – ЕРСАЙ

«Нұрлы жол» даму бағдарламасына кіретін, шағын болса да маңызды зор жоба. Магистраль құрылысы 2014 жылы басталды. Желі Құрық портын магистральдық темір жол желісімен байланыстырып, Транскаспий бағытын біздің еліміз арқылы өтетін Кавказ және Оңтүстік Еуропа нарығына қарай ұзартты.



### 8. АЛМАТЫ – ШҮ ЕКІНШІ ТЕМІРЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

«Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде 2015 жылдың сәуірінде құрылысы басталды. Жаңа темір жол учаскесі тасымал көлемін үш есе арттырды. 110 шақырымнан астам жол төселіп, 1500-ге жуық жұмыс орны ашылды.



### 9. ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ

2009 жылдың шілдесінде «Қазақстанның жеделдетілген индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы негізінде «Локомотив құрастыру зауыты АҚ» құрылды. Еліміздің ауыр машина жасау тарихының жаңа парағы осылай ашылды. Қазақстанда құрастырылған тұңғыш магистральдік Evolution-TЭ33А сериясындағы бесінші буынды жүк тепловоздары зауыт конвейерінен 2009 жылдың желтоқсан айында шығарылды.



### 10. ЭЛЕКТРОВАЗ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ

Қазақстандағы заманауи машина жасау кәсіпорындарының қатарында зауыт тарихы 2010 жылы қазан айында – «ҚТЖ» ҰК, француздың Alstom компаниясы мен ресейлік «Трансмашхолдинг» ЖАҚ арасындағы электровоз жасау жөніндегі келісімнен бастау

алады. 2012 жылы зауыттың салтанатты ашылу рәсімі өтті. KZ8 А электровоздары техникалық сипаттамасы жағынан әлемдегі ең қуатты локомотивтердің бірі болып табылады.



### 11. ҚАЗАҚСТАН ВАГОН ҚҰРАСТЫРУ КОМПАНИЯСЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бастамасы бойынша 2008 жылы «Қазақстан вагон құрастыру компаниясы» АҚ құрылды. 2009-2011 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде, Екібастұздағы вагон жөндеу депосы базасында жартылай вагондар мен 25 тоннаға дейін жүк көтере алатын арбасы бар жартылай вагондар өндірісі ұйымдастырылды. Жоба бойынша кәсіпорынның жылдық қуаты 2500 жүк вагонын шығаруға жеткілікті.



### 12. «ТҮЛПАР-ТАЛГО» ЗАУЫТЫ

2011 жылы елордада «Тұлпар-Талго» жүрдек жолаушы вагондарын шығаратын зауыт «ҚТЖ» АҚ мен испандық Patentes Talgo S.L.U. компаниясының ынтымақтастығы арқасында бой көтерді. Өндірістің мақсаты – отандық нарықты жолаушылар вагондарымен қамтамасыз етіп қана қоймай, қазақстандық өнімді ТМД мен алыс шетелдерге экспортқа шығару.



### 13. ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМҒА АРНАЛҒАН ҚҰЙМА

«Шығысмашзауыт» АҚ – Қазақстандағы тау-кен және металлургиялық қондырғылар жасайтын ірі кәсіпорындардың бірі. 2011 жылы «Шығысмашзауыт» АҚ «ҚТЖ» ҰК құрамына еніп, онда жүк вагондарының арбаларына арнап вагон құймалары жасала бастады. Жоба 2013 жылы толық іске асырылды және бүгінде табысты пайдаланылып жатыр. Зауыттың қуаты жылына 14 мың тонна өнім өндіруге мүмкіндік береді.



### 14. БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМАЛАР ЖӘНЕ ДӨҢГЕЛЕК ЖҰПТАРЫ ӨНДІРІСІ

Екібастұздағы «Проммашкомплект» зауыты пойыздарды бір жолдан екіншісіне ауыстыратын бағыттамалы бұрмалар мен дөңгелек жұптарына жасауды қолға алды. Зауыт өнімдері қазіргі заманғы сапа және қауіпсіздік талаптарына толық жауап береді. Кәсіпорын Германия, Италия, Швейцария, Жапония мен өзге де озық елдерде шығарылған ең заманауи қондырғылармен жабдықталған.



### 15. АҚТӨБЕ РЕЛЬС-АРҚАЛЫҚ ЗАУЫТЫ

Қазақстан экономикасы мен тіршілігінде қайталанбас рөл атқаратын маңызды жобалардың бірі. Зауыт 2014 жылы жалпыхалықтық телекөпір барысында іске қосылды. Өндіріс орнының қуаты жылына 200 мың тонна рельс пен 230 мың тонна сұрыптама өнімін шығаруға мүмкіндік береді. Өндіріс барысында заманауи технологиялар қолданылса, рельс жасау стандарттары Еуропалық одақ талаптарына жауап береді.

## 30 лет – 30 достижений

### 16. АО «НК «ҚТЖ» – ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ХОЛДИНГ

По поручению Главы государства в 2011 году национальная компания «Қазақстан темір жолы» определена транспортно-логистическим оператором с задачей объединения сервисов наземного, морского и авиационного видов транспорта. В связи с этим она преобразована в многоуровневый вертикально интегрированный транспортно-логистический холдинг, объединяющий логистические и перевозочные компании, терминальную и магистральную инфраструктуру всех видов транспорта.



### 17. МЦПС «ХОРГОС» И СУХОЙ ПОРТ

В 2011 году в АО «НК «Қазақстан темір жолы» передан государственный пакет акций АО «Международный центр приграничного сотрудничества «Хоргос». Основной принцип, заложенный при создании зоны приграничного сотрудничества, – свободное перемещение в ее пределах граждан Казахстана, Китая и других без оформления виз сроком до 30 суток. В 2015 году началась коммерческая эксплуатация сухого порта, который является частью СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота». Оператором порта выступает ТОО «KTZ E-Khorgos Gateway» – дочерняя организация АО «KTZ Express».

### 18. ДИЗЕЛЬНЫЕ ДВИГАТЕЛИ ПОСЛЕДНЕГО ПОКОЛЕНИЯ

В 2012 году мировой лидер по производству железнодорожного, горнодобывающего и транспортного оборудования GE Transportation подписал меморандум с компанией «ТрансМашДизель» и АО «НК «ҚТЖ» о строительстве завода по производству дизельных двигателей в Астане.

В декабре 2015 года в столице Казахстана запущен завод по производству дизельных 12-цилиндровых двигателей мощностью до 4 500 кВт, 6-цилиндровых двигателей мощностью до 2 200 кВт по технологии General Electric.



### 19. ПРОГРАММА «МӨЛДІР БУЛАҚ»

В 2012 году в АО «НК «Қазақстан темір жолы» стартовала программа «Мөлдiр бұлақ». За 5 лет дочерней организацией АО «НК «ҚТЖ» – АО «Теміржолсу» проведена реконструкция свыше 700 объектов водоснабжения на 432 железнодорожных пунктах республики с использованием современных материалов, в том числе ответственного производства. Реализованные АО «Теміржолсу» мероприятия позволили снизить изношенность производственных активов и основного оборудования объектов водо-, а также теплоснабжения железнодорожных пунктов с 85% до 25%.



### 20. ПОЛИКЛИНИКИ НА КОЛЕСАХ

В 2010 году по железным дорогам Казахстана запущен первый медицинский поезд «Денсаулық» для оказания специализированной высококвалифицированной консультативно-диагностической помощи населению отдаленных регионов.

Лучшие врачи и современное медицинское оборудование стали доступны жителям малых станций и разъездов совершенно бесплатно. Поликлиники на колесах люди встречали с радостью и провожали врачей с благодарностью.



### 21. МОРСКИЕ ВОРОТА СТРАНЫ

В 2013 году стартовал проект по расширению порта Актау в северном направлении с созданием перевалочных мощностей для транспортировки сухих, контейнерных и зерновых грузов в направлении Ирана, Персидского залива и Кавказского региона.

В апреле 2015 года начато строительство первого объекта в порту Курьк – паромного комплекса, связанного новой линией Боржакты – Ерсай с магистральной железнодорожной сетью. Объекты первого пускового комплекса порта запущены в декабре 2016 года. Уже через год после открытия с причала казахстанского порта Курьк отправлена миллионная тонна грузов.



### 22. СОЗДАНИЕ СЕТИ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ ЦЕНТРОВ

В рамках программы создания внешней и внутренней терминальной сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» в партнерстве с частным бизнесом формирует сеть транспортно-логистических центров (ТЛЦ).

Реализация программы началась с открытия в 2014 году совместного казахстанско-китайского логистического терминала в порту Ляньюньган для консолидации грузопотоков из Китая и Юго-Восточной Азии в направлении Казахстана, Центральной Азии, Ближнего Востока и Европы.

В ноябре 2015 года открыт крупнейший в Центральной Азии транспортно-логистический центр класса «А» площадью 51 гектар в Астане. В июле 2016-го на территории ТЛЦ запущен центр таможенного оформления. В конце 2017 года аналогичный ТЛЦ введен в эксплуатацию в Шымкенте.



### 23. ОБЕСПЕЧЕНИЕ РАБОТНИКОВ ЖИЛЬЕМ

За годы независимости АО «НК «Қазақстан темір жолы» построило свыше полумиллиона квадратных метров жилья, приобрело для работников более 5 тысяч квартир, а также возводило свыше 60 социальных объектов (школ, детских садов, медицинских пунктов и т. д.).

Строительство жилья производилось на новых железнодорожных линиях Аксу – Дегелен и Хромтау – Алтынсарин, Жезказган – Бейнеу, Аркалык – Шубарколь, Жетыген – Корғас – государственная граница РК, Узень – государственная граница с Туркменистаном, на станциях Достык и Болашак. А также при электрификации железнодорожного участка Павлодар – Екибастуз. Кроме того, с 1991-го по 2015 год в Астане национальная компания предоставила своим сотрудникам 1 930 квартир с их последующим выкупом, а также построила детский сад на 250 мест. Компания также построила жилье и социальные объекты на станциях Луговая, Макат, Доссор и Егинсу, в разные годы пострадавших от чрезвычайных происшествий.



### 24. ТРАНСФОРМАЦИЯ

В 2014 году АО «НК «ҚТЖ» одним из первых среди портфельных компаний фонда «Самрук-Қазына» запустило Программу трансформации бизнеса. Это стратегический проект, направленный на глубинные, системные и последовательные изменения, повышение эффективности, конкурентоспособности и прибыльности компании.

В 2019 году в ҚТЖ начата реализация обновленной программы «Цифровая трансформация», которая охватила весь ключевой бизнес компании, включая основные филиалы и дочерние организации. В результате реализации проектов программы трансформации с 2021-го по 2025 год компанией ожидается получение чистых выгод в размере не менее 100 миллиардов тенге.



### 25. ТРАНСКОНТИНЕНТАЛЬНЫЕ МАРШРУТЫ

2015 год стал началом глобального государственного проекта по созданию мультимодального транспортного коридора, позволяющего осуществлять беспрепятственный транзит грузов из Азии в Европу и страны Ближнего Востока.

Неуклонно растет число транзитных контейнерных поездов в сообщении Китай – Европа – Китай. Решаются вопросы эффективного использования коридора Север – Юг, пролегающего через территорию Казахстана, России, Туркменистана и стран Персидского залива. Қазақстан темір жолы активно развивает маршрут в направлении Турции и европейских стран через Каспийское и Черное моря – Транскаспийский международный транспортный маршрут. На прошлой неделе по этому маршруту транзитом через Казахстан проследовал миллионный контейнер.



### 26. ВОКЗАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС «НҮРЛЫ ЖОЛ»

1 июня 2017 года для жителей и гостей столицы распахнул свои двери ультрасовременный вокзальный комплекс «Нұрлы жол», сооруженный по принципу «Вокзал – мост». Поезда заходят внутрь сооружения через подъездную эстакаду. К зданию подведены шесть посадочно-отправочных путей, и к каждому из них предусмотрен специальный выход, что позволяет объекту обслуживать до 35 тысяч пассажиров ежедневно. Площадь шестипоэтажного здания составляет свыше 150 000 квадратных метров.



### 27. МОБИЛЬНЫЕ ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ

В 2019 году в рамках проекта АСУ «Магистраль» в эксплуатацию введены три единицы мобильно-диагностических комплексов (МДК), позволяющих проводить комплексную диагностику железнодорожной инфраструктуры, обработку оперативных данных диагностики в реальном времени. Еще три МДК приступили к работе в начале 2020 года. Таким образом, сегодня диагностика инфраструктуры магистральной сети проводится 6 единицами новых МДК вместе с уже имеющимся одним МДК, поставленным в рамках научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ АСУ «Магистраль» в 2015 году.



### 28. ЦЕНТР УПРАВЛЕНИЯ ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ

В 2020 году состоялся запуск в пилотном режиме Центра управления движением поездов в Актобе, реализуемый в рамках цифровой трансформации ҚТЖ. Он объединил диспетчерские центры пяти отделений – Актобе, Атырау, Мангистау, Уральска и Кызылорды. Проект предусматривает покрытие участков магистральной сети современной системой диспетчеризации на микропроцессорах, позволяющей дистанционно, посредством оптоволоконной линии связи, управлять устройствами железнодорожных станций на больших расстояниях, заменить аналоговое громоздкое оборудование центральных пунктов железнодорожной связи на современное цифровое.

В 2018-2019 годы на 84 отдельных пунктах внедрена микропроцессорная диспетчерская централизация.

Подобный проект также будет реализован в Алматы. В центр управления движением войдут все южные области и ВКО. Кроме того, заработает ЦУДП, который будет обслуживать Центральный и Северный Казахстан.



### 29. КОНТЕЙНЕРНЫЙ ТЕРМИНАЛ DOSTYK TRANS TERMINAL

В июне 2021 года на станции Достык в тестовом режиме запущен многофункциональный грузоперевалочный терминал Dostyk TransTerminal по обработке транзитных грузов на маршруте Китай – Европа. Здесь производятся консолидация и перевалка грузов и контейнеров с узкой на широкую колею, выполняются складские и терминальные операции. На территории терминала организована работа «единого окна» по обработке перевозочных документов на поступающие грузы.

Ожидается, что после завершения строительства новый терминал обеспечит дополнительную пропускную способность в 700 000 ДФЭ.

### 30. МОДЕРНИЗАЦИЯ УЧАСТКА ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ

В 2021 году в АО «НК «ҚТЖ» в рамках госпрограммы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы начата реализация инвестиционного проекта «Модернизация железнодорожного транзитного коридора Достык – Актогай – Мойынты».

Развитие участка от станции Достык на границе с Китаем до Мойынты у Каспийского моря является частью масштабного проекта по модернизации железнодорожного транспортного коридора Достык – Илецк.

Ожидается, что строительство и электрификация линии Достык – Мойынты будут завершены в 2025 году, после чего пропускная способность основного транзитного коридора Казахстана по маршруту Китай – Европа увеличится в 5 раз.

## КӘСІБІН ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСПЕГЕН ЖАН

**Біздің кейіпкеріміз Гаухар Борықбаева – Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясында электромеханик болып жұмыс істейді. Ол Қазақ елі тәуелсіздік алған жылы дүниеге келгенін бағы деп біледі.**



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**  
Шымкент

– Мен жалпы патриотпын, «Менің Қазақстаным» Әнұраны немесе «Мен қазақпын» деген әнді тыңдасам, толқып көзіме жас келеді. Қазақстанымды әлемнің ешбір еліне айырбастамаймын. «Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дейді ғой, дегенмен біздің елге, оның ішінде өзім туып-өскен оңтүстікке жер жетпейді. Бала-шағамның да осы елде өсіп-өнгенін қалаймын, – деп сыр шертті Гаухар.

Ол теміржол саласын, оның ішінде электромеханик мамандығын неге таңдағанын да айта кетті. Айтуынша, ма-

мандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімін тануы қажет.

– Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек деп ойлаймын. Әкем Бағлан Аңсабекұлы Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде еңбек етеді. Теміржолшы кәсібін таңдауыма әке ықпалы болған шығар, мектепте математика-физиканы жақсы оқыдым, сосын байланыс жүйесі, электромеханиканы таңдадым, жалпы кәсіп таңдауда қателеспеген жанмын», – дейді ол.

Гаухар жуырда «Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздік бастауы» деректі фильмін көріп, қатты әсерленгенін әңгімелеп берді. Қазақ халқының батыр ұл-қыздарының ерлігіне бас иіп, ондай жанкешті батылдықты тек еркіндік пен егемендікті шын жүрегімен аңсаған хал-бөлімшесінде еңбек етеді. Теміржолшы кәсібін таңдауыма әке ықпалы болған шығар, мектепте математика-физиканы жақсы оқыдым, сосын байланыс жүйесі, электромеханиканы таңдадым, жалпы кәсіп таңдауда қателеспеген жанмын», – дейді ол.

*Суретті түсірген автор*

## «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК» ЖАНАРБЕК!

**Жанарбек Якупбаев – Маңғыстау вагон пайдалану депосының Маңғыстау станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінде вагон қараушы. Жай ғана вагон қараушы емес, екі рет «Қозғалыс қауіпсіздігі» белгісімен марапатталған үздіктің үздігі.**



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Еңбек жолын енді бастаған отыз жастағы жігіт үшін бұл – үлкен жетістік. Талай рет вагондардағы қауіпті ақауды анықтап, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға қосқан қомақты үлесі үшін 2019-2020 жылдары қатарынан екі рет марапатталған теміржолшы салада саусақпен санарлық. «Жүзден жүйрік» деген осы болар.

Жанарбек марапатын мақтаныш етпейді, тым қарапайым, керісінше білмегенім әлі көп дейді, үнемі ізденісте. Жазда қашықтан оқу курсына қатысыпты, он күн актебелік мамандардан білім алып, емтиханды сәтті тапсырған.

– Қазір көп вагондар жаңарып, техникалар, тіпті вагондардың бөліктері өзгеріп, бұрын-соңды көрмеген жаңа техникалар шығуда.

Сондықтан вагон саласында қандай ақаулықтар болуы мүмкін, үнемі білім жетілдіріп отырмасaq қиын. Түрлі жағдай болады. Анықтау оңай емес ақаулар кездеседі. Мәселен, сондай бір жағдай күндізгі ауысымда жүргеніміз кездесті. Жүк пойызына техникалық қызмет көрсету кезінде буксын балғамен ұрғанда дыбысы өзгешеулеу естілді. Сырттан білінбейді. Бірақ мұқият тексере келе букстың 15 мм жылжығаны анықталды. Деру құрамнан ағыттық. Дәл сол күні Құрық портынан келген пойыздан бүйірлік рамадағы жарықшақты таптым. Екі вагон да шет мемлекеттікі еді. Биылғы бірінші тоқсанда анықтаған ақауды та сондай ерекше жағдайда табылды. Вагонның жұп доңғалағында жалмалған тесікке жарықшақ түскен екен. Күндізгі ауысым болса да ерте

қараңғы түскен кез. Ақауды шамның жарығымен таптым. Осы жылы одан басқа вагонның арбашық бөлігінен ұзындығы 180 мм жарықшақты анықтадым. Бұл вагондар қауіпті жүк таситын, яғни бензин мен сұйық газ таситын цистерналар еді. Екеуінің де ішінде жүгі болды, – дейді бұл туралы кейіпкеріміз.

Жанарбек – 1991 жылдың желтоқсанында түбегтегі теміржолшылар жанұясында туған төрт баланың кенжесі. Әкесі марқұм Жұмабек Якупбаев 15 жасында теміржолда жұмыс істеп бастап, салаға 45 жылға жуық еңбек сіңген майталман теміржолшы болыпты. Анасы Қалима Қайырқызы да 38 жыл теміржолда еңбек етті. Бірге туған бауырларының бірі вагон шаруашылығында бас маман, бірі пойыз диспетчері. Келіншегі Света да теміржолшы, қазір үш баласымен үйде отыр.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары отбасымыз үшін оңай болмапты. Ата-анам 1990 жылы Маңғыстау станциясына көшіп келеді. Бір бөлмелі үйде төрт баламен тұрады. Жалақыны бірнеше айда бір алатын уақыт болған. Сонда да теміржолдан кетпеген. «Түркіменстанда тұрғанда Қазақстан туралы тек естіп білдік, атақонысқа аяғымыз тисе деп армандадық. Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүрген әр күніміз жылға бергісіз, осы елде туып өсіп ер жеткен сендер бақыттысыңдар» деп отыратын әкем, – дейді тәуелсіздіктің құрдаасы.

*Суретті түсірген автор*

## МАШИНИСТЕР ӘУЛЕТІНІҢ МҰРАГЕРІ

**Атасы – машинист, әкесі – машинист, өзі – машинист. Қарғабаевтар әулетінің өкілі Жандос, шынында да, машинистер әулетінің мұрагері екені рас.**



**Асхат РАЙҚҰЛ,**  
Тараз

Жамбыл локомотив пайдалану депосында еңбек ететін жас жігіт тәуелсіздікпен түйдей құрдас, 1991 жылы 19 қыркүйекте туған. Көзін ашып көргені теміржол болған соң Жандос көп ойланған жоқ, мектеп бітіре сала Тараз қаласындағы №13 теміржол колледжіне жол тартты. Емтиханнан сүрінбей өтіп, үш жыл бойы теориялық білім жинақтап, 2010 жылы диплом алып шықты.

«Атам Жазықбек 1929 жылдан 1958 жылға дейін паравоз машинисі болған ғой. О-о, ол кісінің әңгімелері ғажап енді, ол уақытта теміржолшы деген ең құрметті мамандық болған, сонымен қатар қиындығы да көп сала еді ғой. Көп дүние қолмен атқарылды. Атам да осал емес, әйтпесе ол тұста қазақтардың дені қара жұмыста жүрген жоқ па...», – деп әңгіме айтады Жандос Қарғабаев.

Әкесі Болатбек 1982 жылдан кешеге дейін машинист болып, екі жыл бұрын қабылдаушы қызметінен зейнет демалысына шығыпты. Жамбыл локомотив пайдалану депосына жұмысқа тұрған Жандос үш жыл машинистің көмекшісі болды. Сосын арнайы курстан өтіп, емтихан тапсырып, машинист куәлігін алады. Бүгінде жолаушылар пойызын жүргізеді.

Теміржолшылар әулетінің саладағы еңбек өтілі бүгінде жүз жылдан асқан. Жандостың отбасы бұл санды арттыра түсетін болады. Өйткені, оның жары Әсел де Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде еңбек етеді. Тасымалдау құжаттарын өңдеу операторы. Екеуінің екі баласы өсіп келеді, «болашақ машинистер» деп қалжыңдайды кейіпкеріміз. Несі бар, «жақсы сөз – жарым ырыс» деген, әулет жолын жалғайтын солар болмағанда, кім?!

Жуырда Тәуелсіздік құрдастары елордада бас қосты. Оларды арнайы қабылдаған «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек теміржолда династиялық дәстүрді жалғастырып жүрген жас машинисті Алғыс хатпен марапаттады.

*Суретті түсірген автор*

## ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

**Айдана – қызылордалық жас теміржолшылардың көшбасшысы. Тұла бойынан жігер мен батылдықты, ақыл мен парасат, өмірге деген құштарлық, адамгершілік пен қарапайымдылық есіп тұратын қыз қашан да айналасына жастарды үйіріп, түрлі бастамаларға мұрындықты болып жүреді.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Бүгінде Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің персоналды басқару бөлімін басқаратын тәуелсіздік құрдасы Айдана Нұрмашқызы сонау студент кезінде, 2010 жылы компания президентінің «Магистраль» бағдарламасы бойынша атаулы стипендиясының иегері болды.

– Болашаққа нық қадам жасауға бағыт пен бағдар, мотивация берген өзімнің сүйікті компаниямның алғашқы стипендианты болғанымды әркез мақтанышпен айтып жүремін. Б.Момышұлы атамның «мүмкіндігіңнен мақсатың жоғары болсын» деген ұстанымымен жүретін маған бұл

атаулы стипендия үлкен жігер мен сенімділік сыйлады. Сол жылдары «Теміржолшылардың әлеуметтік жағдайы» атты тақырыппен республикалық ғылыми жобаға қатысып, жетістіктерге жеттім. 2013 жылы туған жерім Сыр еліне қызыл дипломмен оралып, осы салада қызметімді бастадым, – дейді Айдана.

Компанияның жастарды қолдау саясатына араласатын Айдана жыл сайын жас теміржолшылар арасында ұйымдастырылатын байқаулардан жүлдесіз қалған емес. Мәселен, 2017 жылы «Жас кәсіби маман» байқауында 3-дәрежелі дипломмен, 2019 жылы «Жастар жылына» орай «100 жас есім» төсбелгісімен марапаттал-



ды. Компаниядағы кадрлық және әлеуметтік саясаттың дамуына қосқан үлесі үшін «Үздік маман» атанды.

– Биыл Компания маған тағы бір үлкен мүмкіндік берді. «HR сертификаттау орталығының» ұйымдастыруымен өткен 3 айлық HR мамандарын квалификациялау курсына қатыстым. Маған 3 жылға «HR профессионал» дәрежесі берілді. Ондағы алған білім мен тәжірибемді жұмыс барысында пайдаланып, жаңа жетістіктерге жететініме сенімдімін, ол өз қолымызда, – дейді кейіпкеріміз.

*Суретті түсірген автор*

## ЕЛІМЕН БІРГЕ ЕСЕЙІП КЕЛЕМІЗ

**Осыдан тура 30 жыл бұрын ел азаттығын жариялап, Тәуелсіздік алған тұста өмірге келген ақтөбелік Әсет Нетжанов – екінші класты тепловоз машинисі.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

«Тәуелсіздіктің құрдасы болу үлкен жауапкершілік деп сезінемін. Елмен бірге есейіп келеміз. Қазақ елінде салтанат құрған достық, экономикалық өрлеу, саяси тұрақтылықтың арқасында замандастарымыз армандарына қол жеткізіп жүр. Еліміздің болашағы жарқын. Мен оған сенемін. Теміржолда жастардың жан-жақты дамуына, еркін еңбек етуіне толық жағдай жасалған. Компания тарапынан үнемі қолдауды сезінеміз», – дейді Әсет Нетжанов.

Әсет еңбек жолын 2009 жылы бастаған. Ақтөбедегі теміржол колледжінде білім алып, локомотив пайдалану депосына машинист көмекшісі болып жұмысқа қабылданғанда он сегізден енді асқан бозбала өзін кәдімгідей ересек сезінгенін айтады. Үш жыл жауапкершілікпен тиянақты еңбек етіп, тәп-тәуір тәжірибе жинақтаған жасты депо басшылығы 2011 жылы білімін жетілдіруге жібереді. 2012 жылы тепловоз машинисі болып, көмекшімен сапарға шығады. Содан бері темір тұлпардың тізгініне ие, жас та болса деподағы мақтаулы машинистің бірі.

Қоғамдық шараларға да белсене араласып, қолымыз еңбек жағдайын жасау, өндірістік қауіпсіздік



пен еңбек қорғау деңгейін арттыру тақырыбында бірнеше топтық жобаларға қатысқан ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «100 жас есім» жабасына енген.

«Топтық жобалар дайындадық. Арнайы киімдер теміржолшыларға ыңғайлы әрі қауіпсіз болсын деген ойларымызды ұсындық. Қайырымдылық шараларын ұйымдастырамыз. Жалпы компания тарапынан ұйымдастырылған шараларға жастар белсене қатысады. Тәуелсіздіктің тұғыры берік болсын! Басқасының бәрі өз қолымызда», – дейді кейіпкеріміз.

Әсет Нетжанов биыл Нұр-Сұлтан қаласындағы оқу орталығында білім жетілдіріп, екінші класты машинист куәлігін алды. Жауапкершілігі жоғары, сенімді жас маман мекеме басшылығы тарапынан депо кезекшілігі қызметіне ұсынылған.

*Суретті түсірген автор*

**Тәуелсіздік жылы дүниеге келген тағы бір теміржолшы – Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Мейіржан Жаңабаев. Жалпы еңбек өтілі 500 жылдан асатын атақты династиядан шыққан жас «теміржолшы – біздің атакәсібіміз» дейді мақтанышпен.**

## ДАҢҚТЫ ДИНАСТИЯ ӨКІЛІ



**Жан ПЕРДЕБЕК,**  
Арыс

Мейіржанның отбасында үлкен қуаныш. Өзі Тәуелсіздік алған жылы дүниеге есініп ашса, оның отыз жылдығында Айбарыс есімді ұлды болды. «Ұлымның есімін Қазақстан Орта Азияның барысына айналсын деп ырымдап өзім қойдым» дейді қуанышымен бөліскен жас әке.

«Қазақ халқының басынан не өтпеді? «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тоз-тозды айтағанда өткен ғасырдағы ұлы жауғ, сұмдық ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс ұлтымызды жер бетінен жойып жіберуге шақ қалған жоқ па? Сондықтан, біздің мақсатымыз – көбею. Отыз миллионға жетсек деп армандаймын», – дейді Айбарыс ұлдың әкесі.

Мектеп бітірген соң көлік академиясын бітіріп осы салада еңбек етіп келе жатқанына 10 жылдан асқан жастың арманы отандық теміржол саласының дамуы мен өркендеуіне үлес қосып, өзіндік қолтаңбасын қалдыру. Өмірлік ұстанымы: «Бір сағат кем ұйықтасан, бір сағат артық еңбек етесің». Арыстан шыққан атақты теміржолшы-жерлестері, Социалистік Еңбек Ері Әуезхан Салықбаев пен Сырлыбек Байжановты үлгі тұтады. Хобби – футбол, сүйікті сериалы – «Тақтар таласы».

Бас инженер мекемеде еңбек қауіпсіздігін сақтаулы мен техникалық аппараттардың мүлтіксіз жұмыс істеуін қадағалап, жаңа заманға сай микропроцессорлық қондырғыны енгізуде бар күш-жігері мен білімін жұмсап еңбектенуде. «Үздік маман» атануды да тынымсыз адал еңбегінің нәтижесі екені анық. Мейіржан тәуелсіз елдің кез келген азаматы азаттықты бағалайтынына сенімді.

*Суретті түсірген автор*

## ЖИТЬ В ГАРМОНИИ И СЧАСТЬЕ

**Рожденные в 1991 году молодые железнодорожники – ровесники независимости Казахстана. Им выпала честь жить в период становления независимого государства, и они чувствуют особую ответственность перед страной. Одна из представительниц этого поколения – ведущий бухгалтер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Яна Чиковская.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

По словам Яны Чиковской, она даже не могла предположить, что ее жизнь крепкими нитями свяжется с железной дорогой.

– После окончания колледжа и во время учебы в университете я проходила практику в Карагандинском отделении дороги в отделе бухгалтерии.

Мне очень повезло, так как я попала в большой дружный коллектив и захотела вернуться сюда вновь, – рассказывает она. Так и вышло. После окончания университета с приобретенным багажом знаний стала работать по специальности техник-технолог, а со временем, набравшись опыта, была назначена на должность ведущего бухгалтера.



В обязанности Яны входит работа, связанная с цифрами и отчетами, ведение бухгалтерского учета, осуществление текущего контроля операций, составление отчетности и представление документации в головной офис. Ей приходится быть скрупулезной и внимательной при работе с цифрами. Но со временем все уже происходит по накатан-

ной, то есть автоматически в тандеме с сотрудниками отдела в количестве 12 человек. Работа спорится благодаря профессионализму коллег и корпоративному духу, участию в соревнованиях, конкурсах и других творческих мероприятиях.

В семье Яны тоже все гармонично. Ее супруг Василий трудится машинистом электропоезда. Работа тяжелая, но всегда и во всем он чувствует поддержку и заботу жены. Когда у супругов выдаются свободные дни, они стараются проводить их вместе. У Василия и Яны подрастают двое детей. Старший сын Егор учится в 5 классе, занимается спортом. Дочке Василине 6 лет. Она ходит в подготовительный класс и неплохо рисует.

– Когда семья находится в полном составе, мы ходим в развлекательные центры и кафе, чтобы побаловать детей и самим немного развлечься. Жизнь начинает входить в прежнее русло, и это не может не радовать, – делится Яна.

Фото автора

**Поколение, рожденное в один год с нашей страной, отличаются внутренняя свобода, целеустремленность и неиссякаемая энергия. Потомственный железнодорожник Тимур Бапишев подтверждает это личным примером. Он никогда не останавливается на достигнутом, любит свою профессию и каждодневным добросовестным трудом стремится внести вклад в развитие стальной магистрали Казахстана.**



## ДВИЖЕНИЕ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ

**Любовь РОББА,**  
Нур-Султан

Как правило, профессия передается по наследству в тех семьях, где старшее поколение занимается своим делом с удовольствием и преданностью. Именно таковой является династия Бапишевых с более чем 150-летним общим стажем на стальной магистрали. Тимур – железнодорожник в четвертом поколении. Его прадед от материнской линии работал путейцем в Карагандинском регионе. Дедушка был помощником машиниста, а бабушка трудилась в локомотивном депо.

Более 60 лет общего стажа в отрасли – за плечами родителей ровесника независимости. Отец Серик Аманжолович прошел путь от помощника составителя поездов до начальника станции Атыгай Павлодарского отделения ГП. В разные годы был дежурным по станции, инженером, ревизором движения по узлу Екибастуз и заместителем начальника станции Екибастуз-Северный. Мама Гулим Идрисовна начинала осмотрщиком вагонов, затем работала оператором поста централизации, товарным кассиром, а в данный момент является дежурной по парку станции Екибастуз.

Сам Тимур – дежурный вокзального комплекса «Нурлы жол». Его старший брат Мейрам Бапишев – приемосдатчик груза и багажа на станции Екибастуз. Трудятся в отрасли и другие родственники.

– Любовь к железной дороге я впитал с раннего детства. Помню, как совсем маленьким приходил к маме на работу, когда она была вагонником, и пугался стука молотка. Но все равно с любопытством наблюдал за процессом, – делится Тимур Бапишев. – В школьном

возрасте папа иногда брал меня с собой на малые станции. Я смотрел, как он проверяет журналы, опрашивает дежурных. Замечая мою искреннюю заинтересованность, отец всегда говорил: «Если ты начнешь путь на железной дороге с самых низов, получишь ценный опыт и знания и сможешь ответить на любой вопрос».

Вдохновились примером родных, Тимур продолжил семейное дело. В 2017 году он узнал об открытии нового вокзала в столице и успешно прошел конкурсный отбор на должность дежурного вокзального комплекса «Нурлы жол», сдал все необходимые тесты, подтвердил уровень знаний казахского и английского языков.

– Мне всегда нравилась железная дорога своим бурлящим ритмом, порядком и дисциплиной, я исполнил свою мечту и очень горжусь профессией. К своим обязанностям подхожу ответственно. Будучи открытым человеком, люблю общаться с людьми, всегда встречаю посетителей вокзала с улыбкой, стараюсь помочь, все объяснить, подсказать, – отмечает ровесник независимости.

Труд Тимура Бапишева отмечен благодарственным письмом председателя правления АО «НК «КТЖ».

– Когда работаешь на железной дороге, то отчетливо осознаешь, что движение – основа развития. За 30 лет независимости мы вместе с нашей молодой республикой прошли путь становления, и я надеюсь своим трудом внести вклад в ее светлое будущее. Чтобы следующие поколения через 30 лет праздновали День независимости в еще более продвинутом и благополучном Казахстане, – поделился ровесник независимости.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ОБЛИК СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

**Сегодня ровесники независимости, трудясь каждый в своей сфере, вносят вклад в развитие родной страны. В этом году они, как и их Родина, отмечают юбилей.**

**Мадина ЕЛЕУКЕН,**  
Павлодар

Специалист отдела службы безопасности и движения поездов Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо Нурбек Кенжегулов, родившийся 4 декабря 1991 года в Алматы, в своей работе большое внимание уделял экологическим проблемам на стальной магистрали. Практически каждый год молодой человек повышал свою квалификацию. Сейчас он отвечает за безопасность движения поездов, хотя изначально не планировал связывать свою судьбу с железной дорогой.

– С 1993 года проживаю в Екибастузе, это моя вторая малая родина, – начинает нашу беседу Нурбек. – Мое первое образование – производство строительных материалов, изделий и конструкций. Позже принял решение поступить в Екибастузский инженерно-технический институт имени К. Сатпаева на специальность «Локомотивное хозяйство». У меня папа был железнодорожником, и я решил пойти по его стопам. Мама по сей день трудится в этой сфере.

Начинал карьеру с должности инженера-метролога-эколога. Сейчас главная его цель – перейти на работу в головной офис АО «НК «КТЖ», так как возможностей для реализации идей и проектов там значительно больше. Времени на хобби у молодого человека практически не хватает, но в свободное время он любит поиграть в бильярд. Нурбек Кенжегулов воспитывает двоих детей.

Начальника Акадырской дистанции электроснабжения Нурсултана Бурлинова родители назвали в честь Первого Президента. Молодой человек родился 1 мая 1991 года. Всегда мечтал стать помощником

машиниста. Наверное, как и все мальчики, любил технику.

– С самого детства знал, что стану железнодорожником. Мои дедушка и бабушка работали на железной дороге. Дед был машинистом маневрового тепловоза. Они советовали сделать выбор в пользу стальной магистрали, так как это была престижная и почетная профессия. Но не только это повлияло на мое решение. У нас в Акадыре



практически все население – сотрудники АО «НК «КТЖ». Работать на «железке» для нас – большая честь, – рассказывает Нурсултан Бурлинов. – После девятого класса поступил в Карагандинский высший политехнический колледж на факультет «Электроэнергетика», после в Алматинский КазАПК имени М. Тынышпаева на специальность «Электроэнергетика, электрификация железных дорог». На самом деле мечтал стать помощником машиниста, но, по стечению обстоятельств, стал энергетиком на железной дороге. И мне нравится!

Молодой человек вошел в проект «100 молодых лиц КТЖ» в 2019 году. Железнодорожник активно принимал участие в реализации проекта «Женіс» в Павлодарском



Прииртышье. Молодежь оказывала помощь ветеранам Великой Отечественной войны и труженикам тыла. Кроме того, Нурсултан – автор лучшего рационализаторского предложения по решению Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК, один из победителей в республиканском конкурсе проектов по энергосбережению и альтернативным источникам. Два его проекта вошли в альбом лучших проектов АО «НК «КТЖ». Это увеличение срока службы роликов КУ на контактной сети и установка одного изолятора марки НСПК вместо изолятора марки ИСП-25 под искусственным сооружением.

– Я бы, наверное, остался в Павлодарском регионе. Мне очень понравился город, люди, но в поселке Акадыр, где живут примерно 12 тысяч человек, я родился, вырос, делал первые шаги в своей профессии, поэтому вернулся домой. К тому же мне предложили более высокую должность, а нам, молодым, важно расти, ставить перед собой новые цели, – говорит наш собеседник. – Большую благодарность выражаю своему первому руководителю Амандыку Жумахановичу Серикову. Он меня научил азам профессии, помогал делать первые шаги, многому у него научился.

Сегодня Нурсултан Бурлинов мечтает создать семью и построить карьеру на стальной магистрали, внося свой вклад в развитие компании.

Фото из личных архивов

## ЭТО ТОЛЬКО НАЧАЛО

**Заместителя начальника отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кенеса Дюсекеева знают и уважают не только коллеги-железнодорожники, но и клиенты компании, крупные грузоотправители, которые ежедневно совместно с ним решают рабочие вопросы и давно убедились в его компетентности и высоком профессионализме.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

В свои 30 лет этот молодой человек, ровесник независимости, словно олицетворяет ее – такой же успешный и, несмотря на возраст, уважаемый и признанный. Он не только отличный логист, но и уже много лет возглавляет молодежное крыло отделения – является председателем Совета по делам молодежи по Костанайскому региону. Сегодня Кенес Дюсекеев сам рассказывает о своем пути в компании «КТЖ», проделанном за годы независимости.

**По семейной традиции**

– Я пришел в компанию АО «НК «Қазақстан темір жолы» в 2013 году. С работой был знаком не понаслышке, так как моя семья – это целая династия железнодорожников. В КТЖ трудятся мои родители, братья, дяди и тети.

Еще школьником я постоянно ходил с папой на работу. Мне нравилась железная дорога, а особенно поезда, эти большие железные машины, олицетворяющие силу и мощь, перед которой невозможно было устоять. Мне казалось, что нет сильнее и могучее несущегося поезда, его энергия проносилась словно ветер, оставляя после себя



бурю эмоций и гордости, что мой папа работает на железной дороге. Родные постоянно отзывались о компании с большим уважением. Они рассказывали мне, что железная дорога – это стабильность и уверенность в завтрашнем дне. Наверное, она у меня в крови, я был полон решимости: когда вырасту, пойду учиться именно на железнодорожника. Мои родители с радостью приняли выбор и всегда меня поддерживали, откровенно говоря о непростом и нелегком пути.

**От приемосдатчика багажа**

Вот уже восемь лет я работаю в нашей компании, и мне очень

нравится. За эти годы я поработал на многих должностях. Начал свою трудовую деятельность со станции Костанай в должности приемосдатчика груза и багажа. Меня заметили и перевели на должность грузового диспетчера. Работа с отделением дороги – это доклады, отчеты руководителям различных рангов, и мне это нравилось. Всегда я подходил с особой ответственностью к каждому поручению и исполнял его в срок. Наверное, это и поспособствовало моему очередному повышению, мне предложили работу в отделении грузовых перевозок, в его самом сердце – оперативно-распорядительном отделе, который «заведует»

всем движением по отделению. С оперативно-распорядительного отдела в должности поездного диспетчера начался мой трудовой путь в Костанайском отделении грузовых перевозок. Спустя время меня перевели ведущим инженером оперативно-распорядительного отдела. Прошло еще немного времени, и меня пригласили в технический отдел на должность ведущего инженера. Без раздумий я согласился, ведь технический отдел – это мозг любого отделения, практически вся разрабатываемая документация зарождается именно здесь. Не прошло и года, как меня вновь позвали в оперативно-распорядительный отдел, но уже на должность заместителя начальника отдела. Работа мне нравилась, большая ответственность, должность руководящая. Принимать сложные оперативные решения, контролировать движение поездов – все это мне было интересно. Затем мне предложили должность начальника станции Тогузак. Как вы уже, наверное, заметили, я никогда не отказываюсь. На станции работа кипела, с коллективом сразу сработался. Здесь я организовал ремонт здания, многое усовершенствовал. И во время весеннего осмотра руководство отделения это оценило. Вскоре

меня назначили заместителем начальника отдела логистики и организации перевозок в отделение ГП. Будущее – за логистикой, особенно на железной дороге, сказали мне. И вот уже несколько лет работаю в данной должности. Работа мне нравится, наш отдел занимается планированием погрузки и выгрузки по отделению. Взаимодействие с грузоотправителями и грузополучателями – это очень интересно: постоянный обмен информацией, узнаешь много нового.

**Горжусь компанией**

Я участвую в различных форумах и проектах, связанных с молодежной политикой. Долгое время был капитаном команды КВН нашего отделения. Уже почти 5 лет являюсь председателем регионального Совета по делам молодежи по Костанайскому региону. Ежегодные форумы на областном и республиканском уровнях, игры КВН – во всем этом наша команда принимала активное участие, мы занимали призовые места.

Рад, что наша компания уделяет большое внимание молодежи. И это правильно, ведь мы будущее нашей железной дороги.

Фото автора

№103-104 (2711-2712) 14/12/2021

**Ұлттық компанияның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған «Топжарған: Жаңа күш» бағдарламасы биыл тәуелсіздік мерекесі қарсаңында үшінші рет өткізілді. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған сала қызметкерлері елорда төрінде бас қосып, компания үшін маңызды міндеттерді жүзеге асыруға қажет машықтарды үйренді.**



## ТОПЖАРҒАН: ШЫНЫМЕН ТОП ЖАРА МА?



**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Жоба бағдарламасында қазіргі заманға лайық ой-танымды қайта жаңғырту, жасампаздық және нитестікті қалыптастыру, ішкі коммуникацияны, корпоративтік мәдениетті дамыту, корпоративтік құндылықтарды қабылдап, соған бейімделу сынды мақсаттар көзделеді.

Бағдарлама барысында түрлі заманауи машықтарға үйретушілер – ҚТЖ өкілдері емес, әр салада коуч болып жүрген халықаралық

және қазақстандық психолог, тренерлер. Бірақ олар бағдарламаны теміржолға икемдеп, қатысушыларға бағдарлама мақсатына сай білім беруге тырысып бақты. Компанияның оқу орталығында өткен жобаның үш күндік сессияларына 450 адам қатысты. Әр күніне 150 адамнан бөлінген олар сессияларды өткізу кезінде 10 топқа бірігіп, тапсырмаларды орындады. Әр топ өзара бәсекелестікпен бірінен бірі озуға тырысты.

Қатысушылар өз топтарының «Жұмбақ белгілер» атты алғашқы бөлімде таныстырды. Бұл жерде олардың креативті ойлау қабілеттері қаншалықты деңгейде екені байқалды. Арасында ұйымдастырушылар залдағыларға «Уақыт желісі» атты жаттықтырумен бой сергітті. Бірегей жоба барысында қатысушылардан ұялы телефондары арқылы menti.com сайтына кіріп, «Сіз үшін ЖАҚСЫ құндылығы деген не?» сауалнамаға қатысу сұралды.

Сессияларда «ҚТЖ» ҰҚАҚ-ның ұстанатын корпоративтік құндылығы – ЖАҚСЫ, яғни жауапкершілік, абырой, қауіпсіздік, саналы озаттық, ынтымақтастық құндылықтары насихатталып, барлық тапсырмалар солардың аясында құрылды.

Жоба аясында келесі тапсырма бойынша топтардың әрқайсысына 15 карточкадан беріліп, сол карточканың бесеуіне Қазақстан теміржолының өткен кезеңіндегі қуанышты



және келеңсіз жайттар, тағы бір бесеуіне қазіргі жақсы және жаман тұстар және соңғы бесеуіне алдан күтетін сын-қатерлер туралы жазу тапсырылды. Сессиялардың екінші, үшінші күндерінде де «Компаниядағы қауіпсіздік мәдениетін дамытудың негізгі трендтері», «Компания туралы кейстер», «Қауіпсіздіктің 5 негізгі қатері мен шешімі», «Корпоративтік мәдениет пен құндылықтар бойынша топтық жұмыстарды қорғау» тақырыптарында тапсырмалар берілді.

Жалпы жоба 2021 жылдың желтоқсаны мен 2022 жылдың наурызы аралығында өткізіліп, осы аралықта 1500 теміржолшы қамтылмақ. Келесі сессияға бөлімшелердің бірінші басшылары қатысады деп көзделуде.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ



**Желтоқсан айындағы мереке күндеріне орай қосымша жолаушы пойыздары шығады. Туәелсіздік күні мен Жаңа жыл қарсаңында жолаушы пойыздарының қатарын тағы үш пойыз толықтыратын болады.**

№202/201 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Шымкент» пойызы Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол станциясынан 2021 жылғы 15, 26, 29 желтоқсанда, 2022 жылғы 2 және 7 қаңтарда, кері қарай

Шымкент станциясынан 2021 жылғы 16, 27, 30 желтоқсанда, 2022 жылғы 3 және 8 қаңтарда жөнелтіледі.


№204/203 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Алматы-1» пойызы Нұр-Сұл-

тан-Нұрлы жол станциясынан 2021 жылғы 15, 27, 29 желтоқсанда, 2022 жылғы 3 және 8 қаңтарда, кері қарай Алматы-1 станциясынан 2021 жылғы 16, 28, 30 желтоқсанда, 2022 жылғы 4 және 9 қаңтарда жөнелтіледі.

№206/205 «Ақтөбе-Қызылорда» пойызы Ақтөбе станциясынан 2021 жылғы 14, 18, 24, 28, 30 желтоқсанда, кері Қызылорда станциясынан 2021 жылғы 15, 19, 25, 29, 31 желтоқсанда жөнелтіледі.

*Ұлан ОРАЗ*

## БОПАЙДА ТҰРАТЫН СУРЕТШІ



**Маңғыстау темір жолының шалғайдағы Бопай станциясы – шағын ғана елді мекен. Осы станцияда байланыс электромеханигі болып еңбек ететін Талғаттың өнеріне тамсанбайтын жан жоқ.**

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Бала кезден қылқаламмен әуестенген теміржолшы жігіт – бүгінде төңірекке танымал суретші. Қарапайым қарындашпен шимайлаған суреттері шеберлігін жетілдіре келе майлы бояуға көшіп, туа бітті дарыны мен талантын танытқан жас жігіттің атын шығарды. Әсіресе Талғаттың бағын ашқан – портрет жанры. Сондықтан оған сұраныс берушілер де көп. Бірнеше жыл бұрын «Каскортранссервис» мекемесінің Ақтау қаласындағы фитнес-залын безендіруге ұсыныс түсіп, қабырғадағы мүсіндердің бейне бір тірі адамдай әсер ететін шебер орындалғанын көрген жанның бәрі таң қалып, таңдай қағысқан. Өзі еңбек ететін мекеменің, Бопай станциясының карта, стенд, компания эмблемасы, жазу-сызу сияқты сұраныстарын да өтеп жүр.

Талғаттың әкесі Мұратбай Оразов – Бопай станциясының бастығы. Баласының суретшілік өнерін әу баста жай әуесқойлық деп қабыл-



дағанымен, бертін келе бағын байламай үлкен қалаға барып оқуға кеңес те берген. Бірақ 2014 жылы М.Тынышпаев атындағы Ақтау көлік колледжін тәмамдаған Талғат туған жерден ұзап кете алмады, жеті жылдан бері Маңғыстау белгі беру және байланыс станциясының Бопай станциясындағы КТСМ электромеханигі болып еңбек етіп келеді.

– Талғат – жұмысына тиянақты, жауапкершілігі мол жастардың бірі. Өз кәсібін жетік маман. Өнерін көріп отырсыздар. Жалғыз Бопай емес, жан-жақтан аттай қалап келіп сурет салдыруға тапсырыс беретіндер көп,

Құдай берген таланты бар, тек кәсіби білім алмаған. Мен өнер адамы болсам да Талғаттың қолынан шыққан дүниелер ешбір суретшіден кем емес дер едім. Әттең, кішкене жоғары жақтан талантты қолдау болса, мүмкін Бопайда қалмай, жұртқа танылған суретші болар ма еді, – дейді ол туралы Маңғыстау белгі беру және байланыс станциясы бастығының орынбасары Рүстем Теңізев.

– Сурет салу ұнайды. Біраз дайын дүниелерім де бар. Егер компания қолдап, демеушілік етсе, еліміздегі мегаполистерде көрме ұйымдастырғым келеді. Осы салада үлкен жетістіктерге жеткен тұлғалармен танысып, шеберлік сабақ алсам деп армандаймын, – дейді Талғат.

*Суреттерді түсірген автор*

## ВСЕ – НА ЛЫЖИ!



**Мороз и снег не стали преградой для истинных любителей спорта из АО «НК «ҚТЖ». В минувшее воскресенье столичные железнодорожники приняли участие в соревнованиях по лыжам, посвященных 30-летию независимости РК.**



**Любовь РОВБА,**  
Нур-Сұлтан

Организатором праздника спорта и здорового образа жизни выступили департамент по управлению человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» и филиал «Астана» ОО «Казпрофтранс».

Приветствуя участников на торжественной церемонии открытия соревнований по лыжным гонкам среди работников

высшей категории Владимир Шевчук. По итогам состязаний среди мужчин призовые места распределились следующим образом. Среди молодых сотрудников ҚТЖ до 30 лет лучшим стал Павел Барчан (ГВЦ), на втором месте – Алибек Жансугур (ГППГ), а на третьем – Ержан Айтпанбетов (филиал «Экспресс» АО «Пассажирские перевозки»). В возрастной категории 30-39 лет «золото» завоевал Данияр Манижанов («Нұрлы жол»), «серебро» – Михаил Балабанов (ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки»), а замкнул тройку лидеров Ануар Алдажаров (Технический центр).

Среди спортсменов ҚТЖ в возрасте от 40 до 49 лет на первую ступень пьедестала почета поднялся Кайрат Исмагилов (ЦМТ), второе призовое место занял главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев, а третье – Дос Перуашев (Қазтеміртранс). В возрастных категориях 50-59 лет и 60-63 года безоговорочными лидерами стали директор департамента производственной безопасности и экологии ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Берик Истлеев и главный менеджер департамента стратегии устойчивого развития АО «НК «ҚТЖ» Аскар Татишев.


Показали хорошую физическую подготовку и ветераны отрасли. Золотую медаль получил Владимир Меньшиков, серебряную – Леонид Антонов, а «бронзу» – Темиргали Сарбасов.

Не менее острую конкурентную борьбу продемонстрировали столичные железнодорожники. Так, среди молодежи лидером стала дежурный вокзального комплекса «Нұрлы жол» Динара Оразбекова. В категории 30-39 лет победила инженер-технолог департамента эксплуатации производственных информационных систем Лилия Бадрутдинова. На втором месте – менеджер по корпоративному обучению группы развития персонала ЦФО Аяғоз Темирова, а на третьем – заместитель начальника лаборатории ЕДЦУ Ажар Касымова. Постоянная участница соревнований ҚТЖ в разных видах спорта Ольга Макалкина из департамента эксплуатации производственных информационных систем и здесь показала лучший результат в возрастной категории 40-49 лет. В шаге от нее остановилась Айжан Сабирова («Нұрлы жол»).

– Хочу выразить огромную благодарность организаторам и руководству ҚТЖ за возможность быть в тонусе, чувствовать этот азарт и волю к победе. Я занимаюсь спортом на любительском уровне и всегда с удовольствием участвую в соревнованиях среди работников компании, они дают стимул усерднее готовиться и показывать лучшие результаты, – поделилась впечатлениями Лилия Бадрутдинова.

Все победители и призеры отмечены медалями и ценными подарками. К слову, приз и медаль за участие вручили и самому почетному лыжнику состязаний – 86-летнему Анатолию Сергеевичу Шмакову.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*



центрального аппарата, филиалов и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ», главный инженер компании Батыр Котырев поздравил их с 30-летием независимости Казахстана, пожелал успехов и крепкого здоровья.

– 30-летие независимости – важная дата для истории нашей страны. Казахстан уверенно продвигается по пути экономического и социального развития и пользуется заслуженным авторитетом на мировой арене. Наша общая цель – трудиться на благо Родины, демонстрируя единство и сплоченность, – сказал он.

Лыжные гонки собрали в центральном парке столицы более 40 самых активных и здоровых духом железнодорожников разного возраста. Самому старшему участнику соревнований, Анатолию Сергеевичу Шмакову – 86 лет. Спорт стал неотъемлемой частью жизни бывшего начальника отдела труда и заработной платы Управления Целинной железной дороги. Его самой преданной болельщицей и соратницей на протяжении 58 лет совместной жизни является супруга Александра Семеновна. И в этот день она пришла поддержать своего спортсмена. В свои годы он полон сил и энергии.

Лучших лыжников выбирали отдельно среди мужчин и женщин в шести возрастных категориях: 18-29 лет, 30-39 лет, 40-49 лет, 50-59 лет, 60-63 года и ветераны отрасли. Мужчинам предстояло преодолеть дистанцию в 1 километр, а представительницам прекрасного пола – 500 метров. Оценивал их результаты судья



**ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ**



**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алыншып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Л. Ровба, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Кудабасев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдаң Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Брубаева 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
**tel.: 8 775 198 15 61,**  
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.